

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
 2009 ж. «14» 02 заңды
 тұлға мемлекеттік тіркеуден қайта өткізілді
 № 26493-1910-АК куәлік
 Алғашқы тіркелген күні 2009 ж. «5» 08
 МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
 УПРАВЛЕНИЯ ЮСТИЦИИ БОСТАНДЫКСКОГО РАЙОНА
 ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПЕРЕРЕГИСТРАЦИЯ
 ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА «17» 02 2009 г.
 свидетельство № 26493-1910-А0
 Дата первичной регистрации «5» 08 1996 г.
 БСН/БИН 960840000483

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
 АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
 БОСТАНДЫҚ АУДАНЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
 ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
 ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛГЕН
 № 1675 бұйрығы
 2013 ж. «10» 06
 МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
 ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
 УПРАВЛЕНИЯ ЮСТИЦИИ БОСТАНДЫКСКОГО РАЙОНА
 ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ В
 УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ
 ПРИКАЗ № 1675
 10. 06 2013 г.

«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ
 Жалғыз акционерінің
 «2» сәуір 2013 ж.
 шешімімен бекітілді
 («Самұрық-Энерго» АҚ
 Басқарма отырысының
 № хаттамасы)



«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ
 акционерлік қоғамының
 ЖАРҒЫСЫ

Алматы қаласы, 2013 жыл

КЕЛЕСІ БЕТТІ
 ҚАРАҢЫЗ

Осы Жарғы Қазақстан Республикасы (бұдан әрі – ҚР) заңнамасына сәйкес әзірленді және бұдан әрі «Қоғам» деп аталатын, заңды тұлға ретінде, «Алатау Жарық Компаниясы» акционерлік қоғамының құқықтық мәртебесін анықтайды.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Қоғамның толық атауы:

- 1) мемлекеттік тілде - «Алатау Жарық Компаниясы» акционерлік қоғамы;
- 2) орыс тілінде - акционерное общество «Алатау Жарық Компаниясы»;
- 3) ағылшын тілінде - Joint stock company «Alatau Zharyk Company»;

1.2. Қоғамның қысқартылған атауы:

- 1) мемлекеттік тілде - «АЖК» АҚ;
- 2) орыс тілінде - АО «АЖК»;
- 3) ағылшын тілінде - JSC «AZC».

1.3. Қоғамның атқарушы ұйымының орналасқан жері: 050008, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Манас көшесі, 24 «б»-үй.

1.4. Қоғамның корпоративтік веб-сайты - www.azhk.kz.

1.5. Қоғамның қызметі шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырылады.

1.6. Қоғамның қызмет мерзімі шектелмеген.

1.7. Меншік түрі - жекеменшік.

2. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫҚ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, банктік шоттары бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді иеленеді және жүзеге асырады, соттарда талапкер және жауапкер бола алады.

2.2. Қоғамның мөрі, мөртабаны және Қоғамның атауы көрсетілген бланкілері бар, Қоғам Басқармасы бекітетін және белгіленген тәртіппен тіркелетін өзінің тауарлық белгісі және рәмізі, үлгілері болуы мүмкін.

2.3. Қоғам өзінің қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасына, осы Жарғыға және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

2.4. Қазақстан Республикасы заңнамасымен қаралған тәртіпте Қоғам өзі орналасқан жерден басқа жерде, заңды тұлға болып табылмайтын және ереже негізінде Қоғамның атынан және оның тапсырмасы бойынша қарекет ететін филиалдар мен өкілдіктерді құруға, жекеменшік мүлкі есебінен оларға негізгі және айналым қаражатын бөліп беруге құқылы, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдар, соның ішінде мекеме құруға құқылы.

2.5. Қоғам өз Акционерінің мүлкінен окшауланған мүлікке ие және өз мүлкі шегінде ғана өз міндеттері бойынша жауап береді.

2.6. Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерімен қаралған жағдайларды есептегенде, Қоғамның Акционері оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қоғамның қызметімен байланысты зияндар тәуекелін өзіндегі акциялардың құны шегінде көтереді.

2.7. Қоғам өзінің Жалғыз акционерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Жалғыз акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерімен қаралған жағдайларды есептегенде, Қоғамның қызметімен байланысты зияндар тәуекелін өзіндегі акциялардың құны шегінде көтереді.

3. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МӘНІ

3.1. Қоғам мақсаты – дербес шаруашылық қызметін жүзеге асыру барысында таза табыс алу болып табылады.

3.2. Қоғам қызметінің нысанасы электр энергиясын жеткізу және бөлу, сондай-ақ осы Жарғымен қарастырылған, Қоғамның мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес рұқсат етілген қызметтің басқа түрлері болып табылады.

Қоғам шаруашылық қызметтің кез келген түрін және электр энергиясын жеткізу және бөлу немесе осы қызмет түрімен байланысты қызметтер бойынша мәмілелерді жүзеге асырады.

3.3. Қоғам жоғарыда аталған мақсаттарды жүзеге асыру үшін қажетті және соған сәйкес, Қазақстан Республикасы -ның қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынбаған шарттар мен мәмілелерді жасауға құқылы.

3.4. Лицензияның болуын немесе заңнамада белгіленген тәртіппен алу қажет рұқсаттың өзге де түрін талап ететін қызметтің түрлері тиісті лицензияларды немесе рұқсаттың өзге де түрін алған соң ғана жүзеге асырылады.

4. ҚОҒАМНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ

4.1. Қоғамның Жарғылық капиталы «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңымен (бұдан әрі – Заң) белгіленген талаптарға сәйкес анықталатын, орналасу бағалары бойынша олардың номиналдық құны бойынша акционерлердің акцияларды төлеуі арқылы қалыптасады және ҚР ұлттық валютасымен көрсетіледі.

4.2. Қоғамның жарғылық капиталының ұлғаюы ҚР заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

5. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Жарғылық мақсаттарды жүзеге асыру үшін, Қоғам ҚР заңнамасымен белгіленген тәртіпте төмендегілер бойынша құқылы:

1) ҚР аумағында және одан тысқары жерлерде орналасқан банктерде және басқа да қаржы мекемелерінде ұлттық валютамен, сондай-ақ шетелдік валютамен есепшоттар ашуға;

2) оқшауланған мүлік меншігіне, сондай-ақ дербес балансқа ие болуға;

3) дивидендтер алуға;

4) өз атынан мәмілелер (шарттар, келісімшарттар) жасауға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды алуға және жүзеге асыруға;

5) бағалы қағаздар шығаруға;

6) басқа ұйымдардың құрылуына немесе қызметіне қатысуға;

7) технологияларды, «НОУ-ХАУ» және басқа да интеллектуалдық меншік нысандары мен басқа ақпараттарды иелену және пайдалану құқығын алуға және беруге;

8) Қазақстан Республикасында және шетелде өзінің филиалдары мен өкілдіктерін ашуға, өз мүлкінің есебінен оларға негізгі және айналым құралдарын беріп, олардың қызметінің тәртібін анықтауға;

9) сотта талапкер және жауапкер болуға;

10) Қоғам өндірістік қызметті жоспарлауға, қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуге, бекітілген бюджет негізінде материалдық-техникалық жабдықтауға, әлеуметтік

дамытуға, кадрларды іріктеуге, орналастыруға, дайындауға және қайта даярлауға байланысты барлық мәселелерді белгіленген тәртіппен дербес шешеді.

11) Қоғам ҚР заңнамасына сәйкес қазақстандық, сондай-ақ шетелдік заңды және жеке тұлғалардан теңгемен және шетелдік валютамен несиелерді алып пайдалануға және займдарды беруге құқылы.

12) Қоғам займдарды алып, міндеттемелерінің, мүліктерінің және активтерінің барлығын немесе бір бөлігін кепілге бере алады.

13) Қоғам ішкі нормативтік техникалық құжатты әзірлейді және бекітеді.

14) ҚР заңнамасына және бағалы қағаздардың кез келген түрін ұстаушылар алатын кез келген құқықтарға сәйкес, Қоғам өзінің бағалы қағаздарын сатып алуға құқылы.

5.2. Қоғам міндетті:

- 1) ҚР заңнамасын сақтауға;
- 2) белгіленген тәртіппен бюджетке салықтарды және басқа да міндетті төлемдерді төлеуге;
- 3) өз мүлкі шегінде өз міндеттемелері бойынша жауап беруге;
- 4) Жалғыз акционер шешімімен белгіленген тәртіпте және мерзімде Жалғыз акционерге кейбір мәселелер бойынша ақпарат беруге;
- 5) ҚР заңнамасына сәйкес жауапты болуға;
- 6) Қоғам ҚР заңнамасымен және осы Жарғымен қаралған басқа да құқықтарға ие болып, басқа да міндеттерді атқарады.

6. АКЦИЯЛАР, ОБЛИГАЦИЯЛАР. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ ШАРТТАРЫ

6.1. Қоғам акцияларды, облигацияларды, айырбасталатын, сонымен бірге туынды болып табылатын басқа да бағалы қағаздарды шығаруға құқылы. Қоғамның бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналымға түсіру, жабу шарттары мен тәртібі бағалы қағаздар нарығы туралы ҚР заңнамасымен анықталады.

6.2. Қоғам жай және артықшылықты акцияларды шығаруға құқылы. Акциялар құжаттамасыз үлгіде шығарылады, бұл ретте кез келген акцияларға сертификаттар берілмейді.

6.3. Жай акция Қоғамның Акционеріне акционерлердің жалпы жиналысының құзырына кіретін барлық мәселелерді шешу құқығын, Қоғамда таза табыс болған жағдайда дивидендтер алу құқығын, сондай-ақ ҚР заңнамасымен белгіленген тәртіппен Қоғам таратылған кезде оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

6.4. Акционерлер – артықшылықты акциялардың иелері Жарғымен белгіленген, алдын ала анықталған кепілдемелік көлемде дивидендтер алуға және ҚР заңнамасымен белгіленген тәртіпте Қоғам жойылған кезде, мүліктің бір бөлігін алуға, жай акция иелері-акционерлері алдында басымдық құқыққа ие.

6.5. Артықшылықты акция акционерге төмендегі жағдайларды қоспағанда, Қоғамды басқаруға қатысуға дауыс беру құқығын бермейді:

1) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы, шешімі - артықшылықты акцияларды иеленетін акционердің құқығын шектейтін мәселелерді қарастырады. Мұндай мәселе бойынша шешім егер орналасқан (сатып алынғандарды шегергенде) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде 2/3 (үштен екісін) ұстаушылары мақұлдағанда ғана қабылданды деп саналады;

2) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамды қайта құру немесе жою мәселесін қарастырады;

3) артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап 3 (үш) ай ішінде толық көлемде төленбеген болса.

6.6. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге және оған өзі немесе өзінің өкілі арқылы қатысуға құқығы бар артықшылықты акцияларды ұстаушының әрқайсысы өзіне тиісті артықшылықты акцияның әрқайсысы бойынша бір дауысқа ие.

6.7. Акцияларды орналастыру бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында өткізілген жазылу немесе аукцион немесе бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында өткізілген жазылу немесе аукцион арқылы жүзеге асырылады.

6.8. Акционерді Қоғамның акцияларынан немесе жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздардан айыру кезінде, Қоғамның акциялары немесе жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын алуға арналған өтінімді беруге оған берілген отыз күн ішінде, басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес, бұл құқық егер бұрынғы меншік иесі мұндай өтінімді бермесе, Қоғамның акциялары немесе жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздары жаңа меншік иесіне өтеді.

6.9. Қоғамның жазылу арқылы орналастырған акциялары басымдықпен сатып алу құқығы бойынша акцияларды алатын акционерлерден басқаларға, оларды орналастыру шегінде, акцияларды алатын барлық тұлғалар үшін бірдей бағамен сатылуға жатады.

6.10. Акционерлер акцияларды орналастыру туралы шешім қабылдаған Қоғам ұйымымен белгіленген, орналастырудың бірдей бағасы бойынша басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес оларды сатып алады.

6.11. Акцияларды орналастыру туралы шешім қабылдаған Қоғам ұйымымен осыларды орналастыру үшін белгіленген акцияларды орналастыру бағасы сатылуы мүмкін осы акциялардың ең төменгі бағасы болып табылады.

6.12. Қоғам өз акцияларын жарияланған акциялар саны шегінде бір немесе бірнеше орналастырулар арқылы оларды шығарып, мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін орналастыруға құқылы. Орналастыру (іске асыру) туралы, соның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде Қоғамның жарияланған (іске асырылатын) акцияларының саны туралы, оларды орналастырудың (іске асырудың) тәсілі мен бағасы туралы шешімді Қоғамның директорлар Кеңесі қабылдайды.

6.13. Қоғамның орналастырылатын акцияларын төлеуге ақша, мүліктік құқық (соның ішінде зияткерлік меншік нысандарына құқықтар) және ҚР заңнамасымен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, басқа да мүліктер салынуы мүмкін. Ақшадан басқа мүлікпен төлеу ҚР заңнамасына сәйкес берілген, лицензия негізінде қарекет ететін бағалаушы анықтаған баға бойынша жүзеге асырылады.

6.14. Егер Қоғамның орналастырылған акцияларын төлеуге мүлікті пайдалану құқығы салынса, мұндай құқықты бағалау Қоғамның оны пайдаланатын барлық мерзіміндегі осы мүлікті пайдалануға төлем жасау мөлшері бойынша жүргізіледі. Көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін мұндай мүлікті Қоғамның Жалғыз акционерінің келісімінсіз алуға тыйым салынады.

6.15. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілім жүйесін жүргізуді тек қана Қоғамның тіркеушісі жүзеге асыра алады, ол Қоғамның үлестес тұлғасы немесе оған үлестес тұлға болмауы тиіс.

6.16. Қоғамның акциялары мен басқа да бағалы қағаздарын кепілдікке салу мәселесі ҚР заңнамасымен және кепілдікке салудың тиісті шартымен реттеледі.

6.18. Қоғамның акцияларын немесе жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын, сондай-ақ Қоғамның бұрын сатып алған орналастыратын акцияларын немесе бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алу үшін акционерлер құқығын іске асыру кезінде, Қоғам акционерлерге баспасөз бетінде, сондай-ақ Қоғамның жай акциялары айналатын, қор биржасының листингтік ережелерімен қарастырылған басқа да бұқаралық ақпарат құралдары арқылы басымдықпен сатып алудың осындай құқығын іске асыру туралы хабарлайды.

6.19. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілім жүйесін жүргізу тәртібі, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығын реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымға (бұдан әрі – құзырлы ұйым) ол туралы ақпаратты беру бағалы қағаздар нарығы

туралы Қазақстан Республикасы заңнамасымен анықталады (номиналдық ұстаушыны тіркеу жүйесіне).

6.20. Орналастырылған акциялар толық төленгенге дейін Қоғам - Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізіліміне оны алушының шотына аталған акцияларды есепке алу туралы бұйрықты шығаруға құқылы емес.

6.21. Қоғам мына жағдайларда ғана өздері орналастырған бағалы қағаздарды кепілдікке қабылдай алады, егер:

- 1) кепілдікке берілген бағалы қағаздар толық төленсе;
- 2) Қоғамға кепілдікке берілген және оның қолында кепілдікте тұрған акциялардың жалпы саны Қоғам сатып алған акциялардан басқа, Қоғамның орналастырылған акцияларының жиырма бес пайызынан кем болмаса;
- 3) акцияларды кепілдікке салу туралы шартты Жалғыз акционер мақұлдаса.

7. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР БОЙЫНША ДИВИДЕНДТЕР

7.1. Қоғамның таза табысы (салықтар мен бюджетке басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) Жалғыз акционердің атқарушы ұйымының шешімімен анықталған тәртіппен бөлінеді.

7.2. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу жыл қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.

7.3. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім Жалғыз акционердің атқарушы ұйымымен қабылданады.

7.4. Қоғамның Жалғыз акционерінің атқарушы ұйымы Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

7.5. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер ақшамен немесе Қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді, ал артықшылықты акция бойынша ақшамен төленеді.

7.6. Қоғамның акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивидендтерді төлеу – егер осы төлем Қоғамның жарияланған акцияларымен және Жалғыз акционердің атқарушы ұйымының жазбаша келісімі негізінде олар шығарған облигациялармен жүзеге асырылса, тек осы шарттармен ғана жол береді.

7.7. Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді есептеуге мына жағдайларда жол берілмейді:

1) өзіне меншікті капитал көлемі теріс немесе егер Қоғам капиталының меншікті көлемі оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде теріс болған кезде;

2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлеуге қабілетсіз немесе дәрменсіздік белгілеріне сай келсе немесе аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса.

7.8. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу жыл сайын жүзеге асырылады және Қоғам ұйымының шешімін талап етпейді.

Артықшылықты акциялар бойынша есептелген дивидендтердің мөлшері, дәл осы кезеңдегі жай акциялар бойынша есептелген дивидендтер мөлшерінен кем болмауы керек.

Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер толық төленгенге дейін оның жай акциялары бойынша дивидендтерін төлеу жүргізілмейді.

7.9. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу мерзімі келер алдындағы бес жұмыс күні ішінде Қоғам Заңның 23-бабы 3-тармағы 1), 2) 4), 5) тармақшаларында санамаланған мәліметтерді көрсетумен дивидендтерді төлеу, сондай-ақ Қоғамның бір артықшылықты акциясына есептеумен дивиденд мөлшері туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға міндетті.

8. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

8.1. Қоғамның органдары мыналар болып табылады:

- 1) жоғары орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) алқалық атқарушы орган – Басқарма;

8.2. Қоғамның барлық дауыс беруші акциялары Жалғыз акционерге тиесілі, акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. Акционерлердің жалпы жиналысының құзырына Заңмен, осы Жарғымен жатқызылған мәселелер бойынша шешімді Жалғыз акционер жеке-дара қабылдайды және жазбаша түрде ресімдеуге жатады.

9. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

9.1. Қоғамның жалғыз акционері мына құқықтарға ие:

- 1) ҚР заңнамасымен және осы Жарғымен қарастырылған тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;
- 2) дивидендтер алуға;
- 3) Қоғам қызметі туралы ақпараттарды алуға, сонымен бірге осы Жарғымен және/немесе Жалғыз акционермен анықталған тәртіпте Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;
- 4) Қоғамның тіркеушісінен немесе номиналдық ұсаушысынан оның бағалы қағаздарға меншіктік құқығын растайтын үзінді-көшірмелерді алуға;
- 5) Қоғам органдары қабылдаған шешімге соттық тәртіпте қарсы шығуға;
- 6) үлестес ұйымдар бойынша, Қоғамның қарекеті туралы, соның ішінде құпиялы сипаттағы ақпаратты Қоғамның сауалды алған күнінен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей немесе сауалда белгіленген мерзімде алуға;
- 7) Қоғам тараған кезде мүліктің бір бөлігін алуға;
- 8) ҚР заңнамасымен белгіленген тәртіпте оның акцияларына айырбасталатын Қоғамның акциялары мен басқа да бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алуға;
- 9) Директорлар кеңесі отырысын шақыруды талап етуге;
- 10) аудиторлық ұйыммен өз есебінен Қоғам аудитін жүргізуді талап етуге;
- 11) оның қарекетіне қатысты мәселелер бойынша жазбаша сауалдармен Қоғамға жүгінуге және сауалмен белгіленген мерзімде немесе Қоғамның сауалды алған күнінен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей дәлелді жауаптарды алуға;
- 12) ҚР заңнамасымен белгіленген тәртіпте өз құқықтарының бұзылғаны үшін өтемақы алуға;
- 13) Жалғыз акционердің негізгі құқықтары мен корпоративтік басқару саясатын сақтау мәселелерін Қоғам өкілдерімен талқылауға;
- 14) Қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамның лауазымды тұлғаларының Қоғамға өтеу және ірі көлемдегі мәмілелерді және/немесе іске асыруға мүдделік бар мәмілелерді жасау (жасауға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде олар алған пайданы (кірісті) Қоғамның лауазымды тұлғаларының және/немесе олардың үлестес тұлғаларының Қоғамға қайтаруы туралы талаптармен ҚР заңнамасымен қарастырылған жағдайларда өз атынан соттық органдарға жүгінуге.

9.2. Артықшылықты акция акционерге Қоғамды басқаруға қатысуға құқық береді, егер:

- 1) Жалғыз акционер шешімі - артықшылықты акцияларды иеленетін акционердің құқығын шектеуі мүмкін деген мәселені қарастырады. Мұндай мәселе бойынша шешім егер орналастырылған (сатып алынғандарды шегергенде) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі шектеуге дауыс

берген жағдайда ғана қабылданды деп саналады.

Қабылданған шешімдер артықшылықты акцияларды иеленетін акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселелерге төмендегі туралы мәселелер жатады:

артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтердің мөлшерін азайту немесе оның мөлшерін есептеу тәртібін өзгерту туралы;

артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу тәртібін өзгерту туралы;

артықшылықты акцияларды Қоғамның жай акцияларына айрбастау туралы.

9.3. Жалғыз акционердің атқарушы органы Заңға сәйкес, ұйымдаспаған нарықта артықшылықты акцияларды Қоғамның сатып алу кезінде олардың құнын анықтау әдісіне енгізілген өзгерістерді бекіту туралы (егер ол бекітілмесе, әдісті бекіту) мәселені қарастырады;

9.4. Жалғыз акционердің басқару органы Қоғамның ерікті түрде қайта ұйымдастырылуы немесе тарауы туралы мәселені қарастырады;

9.5. Жалғыз акционер міндетті:

1) ҚР заңнамасымен қарастырылған тәртіпте акцияларды төлеуге;

2) он күн ішінде Жалғыз акционерге тиесілі номиналдық акция ұстаушысына және Қоғамның тіркеушісіне Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілім жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарлауға;

3) Қоғам туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпиядан тұратын оның қарекеті туралы ақпаратты жария етпеуге;

4) ҚР заңнамасына сәйкес басқа да міндеттерді орындауға.

9.6. Қоғам және Қоғамның тіркеушісі Жарғының осы бабы 9.5-тармағының 2) тармақшасымен белгіленген талаптарын Жалғыз акционер орындамау салдары үшін жауапты болмайды.

9.7. Қоғамның органдарын сайлау мәселесі бойынша және өткен қаржылық жылдағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және бір жылдағы Қоғамның бір жай акциясы есебімен дивиденд мөлшері туралы материалдарда ҚР заңнамасымен және осы Жарғымен қарастырылған ақпараттар болуы керек.

10. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТІ

10.1. Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

1) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру және тарату;

3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын көбейту немесе Қоғамның жарияланбаған акцияларының түрін өзгерту туралы;

4) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастаудың тәртібі мен талаптарын, сонымен қатар олардың өзгеруін айқындау;

5) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын Қоғамның бағалы қағаздарын шығару туралы;

6) Бір түрдегі орналасқан акцияларды екінші түрдегі акцияларға айырбастау, осындай айырбастардың шарттарын анықтау туралы;

7) Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Директорлар кеңесінің төрағасын және оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар өз міндеттерін атқарғандары үшін Директорлар Кеңесінің мүшелеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін және беру шартын және шығындар өтемін айқындау;

8) Қоғам Басқармасының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның

мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар Қоғамның Басқарма Төрағасын тағайындау және белгіленген тәртіппен келешекте еңбек қатынастарын мерзімінен бұрын тоқтатумен, Қоғамның Басқарма Төрағасының өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) Қоғамға жататын барлық активтердің жиырма бес пайызын, сондай-ақ одан да артығырақ пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін өзге заңды тұлғаларға беру жолымен (алу) жолымен басқа заңды тұлғалардың құрылуына немесе қызметіне немесе акционерлер құрамынан (қатысушылар) шығуына Қоғамның қатысуы;

10) Қоғамның директорлар Кеңесі туралы ережесін бекіту туралы;

11) «алтын акцияларды» енгізу және жою;

12) Қоғам жұмыскерлерінің лауазымдар тізбесін бекіту, Жалғыз акционер жүзеге асыратын тағайындау немесе келісу;

13) атқаратын лауазымына лайықтылығына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның жұмыскерлерін аттестациядан өткізу және кадрлық резервті қалыптастыру, сондай-ақ міндетті аттестациядан өтуге жататын жұмыскерлердің тізбесін бекіту шарттары мен тәртібін бекіту;

14) лауазымдық еңбекақы көлемдерін және еңбекақы төлеу және Басқарма Төрағасы мен Қоғамның атқарушы органдарының мүшелеріне сыйақы төлеу шарттары мен тәртібін бекіту;

15) Басқарма Төрағасының, Қоғамның атқарушы органы мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігіне қатысты келісімін беру туралы шешімді қабылдау;

16) Қоғамның кадрлық саясатын бекіту;

17) бекітілген штаттық саны шеңберінде, Қоғамның ішкі аудит қызметі мен Қоғамның Директорлар кеңесі хатшылығының штаттық кестесін қоспағанда, Қоғам жұмыскерлерінің жалпы штаттық санын, ұйымдастыру құрылымын және штаттық кестесін бекіту;

18) қызметтік жеңіл автокөліктердің тиістілігі бойынша нормативтерді және әкімшілік аппаратты орналастыру үшін алаңдар нормасын анықтау;

19) қызметтік іссапарларға жіберілетін Қоғам жұмыскерлеріне шығындарды өтемдеудің тәртібі мен шарттарын анықтау;

20) мобильдік байланысты, өкілдік шығыстарды пайдалану құқықтарын жұмыскерлерге беру кезінде Қоғамның қаражаты есебінен шығындарды өтеудің лимиттерін анықтау;

21) жылдық шоғырландырылған және бөлеу қаржылық есептілікті бекіту;

22) қаржылық есеп жылында Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай және артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді қабылдау, дивиденд мөлшерін Қоғамның бір жай және бір артықшылықты акциясына деп есептеумен бекіту;

23) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерін төлеу туралы шешім қабылдау;

24) «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңына сәйкес ұйымдаспаған нарықта Қоғамның акцияларды сатып алу кезінде олардың құнын анықтау әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер ол бекітілмесе, әдістемені бекіту);

25) Қоғам қызметінің басымдық бағыттарын анықтау;

26) Қоғамның даму стратегиясын, Қоғамның даму жоспарын бекіту, сондай-ақ Қоғамның даму стратегиясын жүзеге асыру мониторингін іске асыру, Қоғамның даму жоспарын орындау;

27) Басқарма Төрағасы және Қоғамның атқарушы ұйымының мүшелері үшін, қызметтің уәждемелік негізгі көрсеткіштерін бекіту, сондай-ақ оларға қол жеткізу үшін мониторингті жүзеге асыру;

28) Қоғамды корпоративтік басқару Кодексін, сондай-ақ оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы;

29) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау және оның қызметтері үшін төлем мөлшерін анықтау туралы;

30) Қоғам акцияларын биржа саудасына кіргізу (листинг) және ерікті түрде сауда биржасынан шығарып тастау (делистинг) туралы шешімді қабылдайды;

31) Жалғыз акционердің айырықша құзыретіне Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және (немесе) осы Жарғымен енгізілген шешімдерді қабылдау бойынша басқа да мәселелер.

10.2. Егер ҚР-ның Заңнамалық актілерімен басқаша қаралмаған болса, Қоғамның Жалғыз акционерінің айырықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді қабылдауды Қоғамның басқа органдарының, лауазымды тұлғаларының, қызметкерлерінің құзыретіне тапсыруға жол берілмейді.

10.3. Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қоғамның басқа органдарының кез келген шешімін бұзуға құқылы.

11. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

11.1. Қоғамның Директорлар кеңесі - ҚР заңнамасымен және осы Жарғымен Жалғыз акционердің құзыретіне кіретін мәселелерді қоспағанда, Қоғам қызметін жалпы басқаруды жүзеге асыратын Қоғам органы.

11.2. Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқару кезеңінде сыйақы төленеді және Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін олардың атқарғандарына байланысты шығындары өтемделеді. Мұндай сыйақылар мен өтемақылардың мөлшері Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді.

11.3. Директорлар кеңесі өз қызметтерін ҚР заңнамасына, корпоративтік басқару Кодексіне, Жарғыға, Директорлар кеңесі туралы ережеге және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

11.4. Қоғамның Директорлар кеңесінің айырықша құзыретіне төменде аталған мәселелер жатады:

1) акцияларды орналастыру (іске асыру), сонымен қатар жарияланған акциялардың мөлшері шегінде орналастырылатын (іске асырылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру (іске асыру) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

2) орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды Қоғамның сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

3) Қоғам қарекетінің қорытындылары туралы жылдық есепті алдын ала бекіту және оны Қоғамның Жалғыз акционерінің атқарушы органының бекітуіне үкім шығару;

4) өткен қаржылық жылдағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі туралы және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері туралы ұсыныстарды Қоғамның Жалғыз акционерінің атқарушы органына беру;

5) Қоғамның облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын анықтау;

6) Қоғамның ішкі аудит Қызметінің құрамдық санын, өкілеттілік мерзімін анықтау, Қоғамның ішкі аудит Қызметінің жұмыскерлерін, сондай-ақ олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, жұмыс тәртібін анықтау, Қоғамның ішкі аудит Қызметінің жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу мөлшері мен шарттары және оларға сыйлықақы беру (Қоғамның Директорлар кеңесінің аудиті аудиті бойынша Комитеттің ұсыныстары бойынша);

7) Қоғамның ішкі аудит Қызметінің тиімділік бағасын жүргізу;

8) Қоғамның ішкі аудит Қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;

- 9) Қоғамның ішкі аудит Қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін қарастыру және солар бойынша шешімдерді қабылдау (Қоғамның Директорлар кеңесінің аудиті бойынша Комитет ұсынымдары бойынша);
- 10) Қоғамның корпоративтік хатшысын тағайындау, өкілеттілік мерзімін анықтау, оның өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 11) Қоғамның корпоративтік хатшысына сыйақы беру шарттары мен лауазымдық еңбекақы мөлшерін анықтау;
- 12) Қоғамды корпоративтік басқару тиімділігін бағалау, Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қоғамның корпоративтік басқару жүйесіне енгізілген өзгерістерді бекіту немесе Қоғамның Жалғыз акционерінің құзырына кіретін Қоғамды корпоративтік басқару мәселелері бойынша Қоғамның Жалғыз акционеріне ұсыныстарды дайындау;
- 13) Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілік өлшемдері мен тәуелсіздік өлшемдеріне қатысты Жалғыз акционерге ұсынымдарды дайындау;
- 14) Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйлықақы төлеу мөлшері, анықтау тәртібі және төлеу шарттары бойынша Жалғыз акционерге ұсынымдарды дайындау;
- 15) Қоғамның демеушілік және қайырымдылық көмегі бойынша саясатын бекіту және демеушілік көмекті көрсету бойынша шығындардың жылдық жоспарын бекіту;
- 16) Қоғамның омбудсменін тағайындау және оның өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ ол туралы ережені бекіту;
- 17) Қоғамның іскерлік этикасы кодексін бекіту, сондай-ақ оның ережелерін сақтауды қамтамасыз ету;
- 18) Қоғамның тәуекелдерін басқаруды саясатын бекіту;
- 19) Қоғамның есеп саясатын бекіту;
- 20) Қоғамның сыртқы аудиті бойынша саясатын бекіту;
- 21) Қоғамның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі мен қайырымдылық көрсетуі бойынша саясатын бекіту;
- 22) Қоғамның экология, еңбек қорғау және қауіпсіздік төңірегіндегі саясатын бекіту;
- 23) Қоғамда корпоративтік дауларды реттеу бойынша саясатты және мүдделік дауларды реттеу бойынша саясатты бекіту;
- 24) Қоғамның ақпараттық саясатын бекіту және оның тиімділігіне бағалауды жүргізу;
- 25) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен саясатқа сәйкес, Қоғамның лауазымдық тұлғалары мен басқа да жұмыскерлерінде туындайтын корпоративтік даулар мен мүдделік дауларды реттеуге қатысу және мониторингтеу;
- 26) аукциондарды өткізу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжаттарды бекіту және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою;
- 27) Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережесінен басқа, Қоғамның Директорлар кеңесі қарекетін реттейтін құжаттарды бекіту;
- 28) Қоғамның Басқармасы туралы ережені бекіту;
- 29) Қоғамның Корпоративтік хатшысы туралы ережені бекіту;
- 30) Қоғамның жалпы тәуекел-зауқын, Қоғамның әрбір негізгі тәуекелдеріне қатысты оның шыдау деңгейін бекіту және қабылданатын тәуекелдер деңгейін шектеу үшін лимиттерді белгілеу және негізгі тәуекелдік көрсеткіштерді бекіту;
- 31) Қоғамның тікелімі мен тәуекелдер картасын бекіту;
- 32) Қоғамдағы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту, сондай-ақ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің тиімділігін бағалау;
- 33) Қоғамның даму жоспарын, даму стратегиясын орындау және оны іске асыру, Қоғам қарекетінің негізгі көрсеткіштеріне және олардың мақсатты мәніне қол

жеткізу туралы, Қоғамның негізгі тәуекелдері мен оларды басқарудың тиімділігі туралы басқарушылық есепті Қоғамның Директорлар кеңесіне берудің тәртібі мен үлгісін бекіту;

34) Қоғамның тікелей және жанама иеленетін (құрылымын өзгерту, қайта ұйымдастыру, жою, алу және/немесе айыру, сенімді басқаруға беру, ауыртпалық салу/құру және басқаларды қосу, бірақ шектемеу) акцияларын (қатысу үлестерімен), Қоғамның және заңды тұлғалардың активтерін басқару мәселелерін реттейтін құжаттарды бекіту, оларды іске асыру мониторингісі, сондай-ақ мерзімдік негізде аталған бағдарламаны қайта қарау;

35) Қоғамның тікелей және жанама иелігіндегі акциялармен (қатысу үлестері) заңды тұлғалардағы лауазымдық тұлғаларды сайлауға (тағайындауға) қатысты саясаткерді өндіру;

36) Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) осы Жарғыға сәйкес, шешім қабылдау Қоғамның Жалғыз акционерінің және Басқармасының құзыретіне кіргізілген құжаттардан басқа, Қоғамның қарекетін ұйымдастыру мақсатында, Қоғамның ішкі қарекетін реттейтін басқа да құжаттарды бекіту;

37) Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамдарын жасау және анықтау, олар туралы ережелерді бекіту, Қоғамның директорлар кеңесі комитетінің мүшелерін сайлау;

38) Қоғамның Директорлар Кеңесі комитеттерінің қарекетіне бағалауды жүргізу;

39) Қоғамның ішкі аудит Қызметі мен Директорлар кеңесінің хатшылар алқасының штаттық кестесін бекіту;

40) Қоғам жұмыскерлерінің, сондай-ақ Қоғамның еншілес ұйымдарының тізбесін анықтау, Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асыратын тағайындаулар немесе келісулер;

41) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен тізбеге сәйкес, Қоғамның Басқарма мүшелерімен және Қоғамның басқа жұмыскерлерімен Қоғамның жасайтын шарттарының маңызды талаптарын бекіту;

42) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен тізбеге сәйкес, Қоғамның Басқарма мүшелерінің және Қоғамның басқа жұмыскерлерінің сабақтастықты жоспарлау бағдарламаларын бекіту;

43) Қоғамның өкілдіктерін және шетелдік филиалдарын құру және жабу туралы шешімдерді қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

44) басқа заңды тұлғалардың он және одан да көп пайыз акцияларын (жарғылық капиталда қатысу үлестерін) алу (айыру) туралы шешімді қабылдау;

45) «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесімен анықталатын тәртіп негізінде, Қоғам Басқармасы қабылдайтын шешімдер мен мәмілелерден басқа, Қоғам мәміле жасауға мүдделі болатын мәмілелер мен ірі мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;

46) Қоғамның бағалы қағаздарының кепілдігі туралы шартты мақұлдау;

47) Қоғам қарекетінің қорытындылары туралы жылдық есеп құрамында Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысы туралы есепті дайындау және Жалғыз акционерге ұсыну;

48) мәселелерді Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына шығару;

49) тоқсан сайын Қоғамның негізгі тәуекелдерін сипаттай және талдай отырып, сондай-ақ Қоғам тәуекелдерін барынша азайту бойынша жоспарлар мен бағдарламаларды іске асыру жөніндегі мәліметтер бар Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшелерінің есептерін қарау;

50) Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесінің нәтижелік көрсеткіштерін бекіту және Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесінің нәтижелілігін жыл сайынғы бағалау;

51) Қоғам қарекеті туралы ақпаратты, сонымен бірге қаржылық ақпаратты Директорлар кеңесі мүшелерінің алу тәртібін және мерзімдерін анықтау;

52) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың он және одан да көп акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлесін) сенімгерлікпен басқаруға беруі туралы шешімді қабылдау;

53) Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне кірмейтін, ҚР заңнамалық актілерімен және (немесе) осы Жарғымен қарастырылған басқа да мәселелер.

11.5. Тізбесі осы баптың 11.4-тармағымен белгіленген мәселелер оларды шешу үшін, Қоғам Басқармасына тапсырылмайды.

11.6. Қоғамның Директорлар кеңесі осы Жарғыға сәйкес Қоғам басқармасының құзырына кіретін мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Қоғамның Жалғыз акционерінің шешіміне қайшы келетін шешімді қабылдауға құқылы емес.

11.7. Директорлар кеңесі:

1) лауазымды тұлғалар мен акционерлердің деңгейінде мүдделік бойынша ықтималдық дауларды, соның ішінде Қоғам меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік бар мәмілелерді жасау кезінде оны қиянат етіп, теріс пайдалануды қадағалап отыруы және мүмкіндігінше жоюы тиіс;

2) Қоғамдағы корпоративтік басқару тәжірибесінің нәтижелілігіне бақылау жасауды жүзеге асыруы тиіс;

3) Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің нәтижелілігіне бағалауды жүргізуді және сақтауды, ішкі бақылау жүйесін реттейтін ішкі құжаттарды бекітуді қамтамасыз етуі тиіс.

12. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІН САЙЛАУ

12.1. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі болып Қоғамның акционері болып табылмайтын, акционер мүдделерін көрсететін өкілі ретінде Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған жеке тұлға сайлануы мүмкін. Мұндай тұлғалардың саны Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының елу пайызынан аспауы керек.

12.2. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесінде:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте кешірілмеген немесе өтелмеген сотталуда болмауы керек;

2) заңды тұлғаның басшы жұмыскері лауазымын атқарған кезінде немесе аталған заңды тұлғаның банкрот болғаны, консервацияға ұшырағаны, мәжбүрлі жойылғаны туралы шешім қабылданған күннен кейін 5 (бес) жыл ішінде, банкрот болды, консервацияға ұшырады, мәжбүрлі жойылды деп танылған заңды тұлғаның бұрын басшы жұмыскері болмауы керек.

12.3. Қоғам Басқармасының Төрағасынан басқа, Қоғам Басқармасының мүшелері Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Қоғамның Басқарма Төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды. Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамын және өкілеттілік мерзімін Қоғамның Жалғыз акционері анықтайды. Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамы бес адамнан кем болмауы керек, Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттілік мерзімі үш жылдан аспауы тиіс, өкілеттілік мерзімінің өтуі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы қайта сайлануға жатады. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде үштен бір бөлігі тәуелсіз директорлар болулары керек.

12.4. Тәуелсіз директорлар Заңмен қарастырылған талаптарға сәйкес келетін Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады, сондай-ақ егер ол:

1) Қоғамның директорлар кеңесіне сайланбаған және бес жыл ішінде ол алдыңғы өткен сайлауларда сайланбаған болса, Қоғамның жұмыскері немесе Қоғамның үлестес тұлғасы болмаса;

2) Директорлар кеңесінде жоқ және өтіп кеткен бес жыл ішінде сайланбаған болса, Қоғамның жұмыскерлерімен жақын туыс емес (ата-анасы, аға-інілі, апалы-сіңілі, баласы, қызы), Қоғамның жұмыскерімен некеде тұрмаған, сондай-ақ осыған орай жұбайлық туыстықта (жұбайының аға-інісі, ата-анасы, ұлы және қызы) емес болса;

3) Қоғамнан немесе Қоғамның үлестес тұлғаларынан қаржыландыруды алатын коммерциялық емес ұйымның үлестес тұлғасы болмаса;

4) ақылы негізде қызметтің келген түрін Қоғамға және Қоғамның үлестес тұлғаларына көрсетпесе;

5) Қоғамның жұмыскері Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылатын заңды тұлғаның лауазымды тұлғасы болып табылмаса;

6) Қоғамның Директорлар кеңесінде жоқ және өткен бес жыл ішінде сайланбаған, аталған ұйымның жұмыскері болмаса, Қоғамның аудитін жүргізген немесе жүргізетін ұйымның жұмыскері немесе үлестес тұлғасы болмаса;

7) Қоғам қабылдайтын шешімдерді анықтау мүмкіндігі бар тұлға болмаса немесе Қоғам қабылдайтын шешімдерді анықтау мүмкіндігі бар тұлғаның жақын туысы, мұрагері, құқықтық мирасқоры, өкілі болмаса;

8) Қоғам акционерінің үлестес тұлғасы болмаса;

9) шетелдік мемлекеттің заңнамалық, атқарушы, әкімшілік немесе соттық органында қандай да бір қызметке тағайындалған немесе сайланған, қандай да бір қызмет атақаратын тұлғасы, сондай-ақ шетелдік мемлекет үшін қандай да бір жариялылық қызметті орындайтын тұлға болмаса;

10) Қоғамның Жалғыз акционері бекіткен басқа да қағидаларға сәйкес келсе.

13. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

13.1. Директорлар кеңесіне ұсынымдарды дайындау және барынша маңызды мәселелерді қарастыру үшін, Қоғамда төмендегі мәселелер бойынша Директорлар Кеңесінің комитеттері құрылады:

1) тағайындау және сыйақы беру;

2) аудит;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және ішкі құжаттармен қарастырылған басқа да мәселелер.

13.2. Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесі мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс жүргізу үшін қажетті кәсіптік білімі бар сарапшылардан тұрады.

Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген, Директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады.

Қоғамның Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

13.3. Директорлар кеңесі комитеттерінің жұмысы мен қалыптасу тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін, Қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.

14. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ӨКІЛЕТТІЛІК МЕРЗІМІ

14.1. Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімін Қоғамның Жалғыз акционері белгілейді.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қоғаммен бәсекелес заңды тұлғалардың директорлар кеңесінде лауазымдарды атқаруға тыйым салынады.

14.2. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттілігін оның бастамасы

бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша ескертпе хаты негізінде жүзеге асырылады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттілігі Қоғамның Директорлар кеңесінің аталған ескертпе хаты алынған сәттен бастап тоқтатылады.

14.3. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесін жаңадан сайлауды Қоғамның Жалғыз акционері жүзеге асырады, бұл жағдайда Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттілігі жалпы алғанда Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімінің өтуімен бір мезгілде бітеді.

15. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ

15.1. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасын Қоғамның Жалғыз акционері сайлайды. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы болмай қалған жағдайда, оның қызметін Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

15.2. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы ҚР заңнамасымен және осы Жарғымен белгіленген тәртіпте:

- 1) Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақырады және оларда төраға болады;
- 3) отырысты жүргізеді және хаттамаға қол қояды;
- 4) егер басқа жағдайлар осы Жарғымен қаралмаса, Қоғамның Басқарма Төрағасымен еңбек шартқа Қоғам атынан қол қояды;
- 5) Тәуелсіз директормен шартқа Қоғам атынан қол қояды;
- 6) Қоғамның Жалғыз акционерінің немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша, сондай-ақ Қоғамның Директорлар Кеңесі туралы ережеге және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес, басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

16. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ

16.1. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы Қоғамның Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша немесе:

- 1) Қоғамның Директорлар кеңесінің кез келген мүшелерінің;
- 2) Қоғамның ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қоғам аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) Қоғамның Жалғыз акционерінің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

16.2. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талапты Қоғамның Директорлар кеңесі отырысына ұсынылатын күн тәртібі жазылған, тиісті жазбаша хабарламаны жіберу арқылы Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы жария етеді.

Отырысты шақырудан Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы бас тартқан жағдайда, бастамашы Қоғам басқармасына талаптарды көрсете отырып жүгінуге құқылы, ол Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы шақырылым туралы талап түскен күннен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірілмей, Қоғам Басқармасымен немесе Қоғамның Директорлар кеңесі Төрағасымен шақырылуы тиіс.

Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы аталған талаптарды жария еткен тұлға міндетті түрде шақырылып өткізіледі.

16.3. Күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде 7 (жеті) күнтізбелік күн бұрын Директорлар Кеңесі мүшелеріне беріледі.

16.4. Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін Қоғамның корпоративтік хатшысы жасайды. Қоғамның Директорлар кеңесі отырысын өткізу туралы Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелеріне ескертпе хаттарды жіберу тәртібін Қоғамның Директорлар кеңесі анықтайды.

Сырттай дауыс беру арқылы Қоғамның Директорлар кеңесі отырысын өткізу туралы жазбаша ескертпе хаттарға сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне берілетін біркелкі үлгідегі сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер қоса беріледі.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерде мыналар болуы тиіс:

- 1) Қоғам басқармасының атауы және орналасқан жері;
- 2) қол қойылған бюллетеньнің корпоративтік хатшыға берілген күні;
- 3) отырыстың күн тәртібі;
- 4) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру нұсқалары;
- 5) басқа да мәліметтер.

16.5. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі Қоғамның Директорлар кеңесі отырысына өзінің оған қатысуы мүмкін еместігі туралы ертерек Қоғам басқармасына хабарлауға міндетті.

16.6. Қоғамның Директорлар кеңесі отырысын өткізу үшін кворум Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде жартысын құрайды және байланыстың техникалық құралдарын пайдаланумен (бейне конференция, телефондық конференц-байланыс сеансы режимінде және т.б.) немесе жазбаша түрде көрсетілген олардың дауыс берулері негізінде, қаралып отырған мәселелерді талқылауға және дауыс беруге қатысқандар мен Қоғамның Директорлар кеңесінің жоқ мүшелерін есепке алумен анықталуы мүмкін.

Егер Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы Жарғымен анықталған кворумға жету үшін жеткіліксіз болып қалған жағдайда, Қоғамның Директорлар кеңесі - Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау туралы мәселені Жалғыз акционердің қарауына ынтагерлікке беруге міндетті.

16.7. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі - егер Заңмен және осы Жарғымен басқаша қаралмаса, отырысқа қатысып отырған Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көп дауыстарымен қабылданады.

Дауыстар тең болған кезде, Қоғамның Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша мүдделілігі бар Директорлар кеңесінің мүшесі, осы аталған мәселе бойынша талқылауға және дауыс беруге қатыспайды, бұл туралы Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында тиісті жазба жасалады.

16.8. Қоғамның Директорлар кеңесі өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, оған Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

16.9. Қоғамның Директорлар кеңесі Төрағасының қалауы бойынша, өзінің қарауына шығарылған мәселелер жөнінде Қоғамның Директорлар Кеңесімен шешімдерді қабылдау сырттай дауыс беру арқылы да болуы мүмкін. Осыған орай отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сырттай дауыс беруге бюллетендер қолданылады.

Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетендердегі кворум негізінде қабылданды деп танылады. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделіп, оған Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы және корпоративтік хатшысы қол қоюы керек, сондай-ақ онда мына мәліметтер болуы тиіс:

- 1) Қоғам Басқармасының атауы және орналасқан жері;
- 2) сырттай отырыс шешімін жазбаша ресімдеген күні және ресімделген орны;
- 3) Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы туралы мәлімет;
- 4) отырысты шақыруды жүзеге асырған тұлғаны (органды) көрсету;
- 5) отырыстың күн тәртібі;
- 6) шешім қабылдау үшін кворумның бар/жоқ екендігі туралы жазба;
- 7) дауысқа қойылған мәселелер және Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша Директорлар кеңесінің әр мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетілген, солар бойынша дауыс беру қорытындысы;
- 8) қабылданған шешім;
- 9) басқа мәліметтер.

Шешімді ресімдеген күннен бастап жиырма күн ішінде, ол осы шешімнің қабылдануына негіз болған бюллетендермен бірге Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі керек.

16.10. Көзбе-көз тәртіпте өткізілген, Қоғамның Директорлар кеңесінің өз отырысында қабылданған шешім хаттамамен ресімделеді, оны отырыс өткізілген күннен бастап үш күн ішінде отырыста төрағалық етуші тұлға және корпоративтік хатшы жасап, қолдарын қояды, онда мынадай ақпараттар болуы тиіс:

- 1) Қоғам Басқармасының атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыс өтетін күн, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысатын тұлғалар туралы мәлімет;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауысқа қойылған мәселелер және Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша Директорлар кеңесінің әр мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетілген, солар бойынша дауыс беру қорытындысы;
- 6) қабылданған шешім;
- 7) Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша басқа мәліметтер.

16.11. Қоғамның Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған, Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі, сондай-ақ қол қойылған бюллетендер Қоғам мұрағатында сақталады.

16.12. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша корпоративтік хатшы танысу үшін, оған сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешім мен Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын беруге және (немесе) оған өз қолымен және мөр бедерімен расталған хаттама мен шешімнің үзінділік көшірмелерін беруге міндетті.

16.13. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Заңмен және осы Жарғымен белгіленген тәртіпті бұзып, Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі онымен соттық тәртіпте дауласуға құқылы.

16.14. ҚР заңнамасының және осы Жарғының талаптары бұзылып қабылданған Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдеріне, егер аталған шешіммен Қоғамның және (немесе) Жалғыз акционердің құқығы мен заңдық мүддесі бұзылған болса, Қоғамның Жалғыз акционері оған сотта қарсы шығуға құқылы.

17. ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫ

17.1. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық жасауды Қоғам Басқармасы жүзеге асырады.

17.2. Қоғам Басқармасы Қоғамның Жалғыз акционерінің және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімін орындайды.

17.3. Қоғам Басқармасының жұмысын ұйымдастыру, отырыстарын шақыру және оны өткізу тәртібі, шешімдерді қабылдау тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесі

бекіткен, Қоғам Басқармасы туралы Ережемен анықталады.

17.4. Қоғам Басқармасының құзырына төмендегі мәселелер бойынша шешімдерді қабылдау жатады:

1) Қоғамның даму стратегиясын, Қоғамның даму жоспарын Қоғамның Жалғыз акционерінің атқарушы органымен мақұлдандуы және бекітуге ұсынуы;

2) Қоғамның Жалғыз акционерінің атқарушы ұйымы бекіткен, Қоғамның даму стратегиясын, Қоғамның даму жоспарын, Қоғамның бюджетін іске асыру, Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштеріне және олар қойған мақсаттарға қол жеткізу;

3) Қоғамның Жалғыз акционері мен Қоғамның Директорлар кеңесінің қабылдаған шешімдерін іске асыру;

4) Қоғамның Жалғыз акционері және Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін құжаттарға жатпайтын, Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданған құжаттарды бекіту;

5) Қоғамның дивидендтік саясатына қатысты ұсынымдарды дайындау, есепті қаржылық жылында Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін анықтау бойынша ұсыныстарды қарау, мақұлдау және Қоғамның Директорлар Кеңесіне беру;

6) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту үшін Қоғамның Директорлар кеңесіне дайындау және ұсыну;

7) Қоғам қызметінің қорытындылары туралы жылдық есепті алдын ала бекіту үшін Қоғамның Директорлар кеңесіне дайындау және ұсыну;

8) Мәмілелерді жасауға мүдделі, «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдар арасында мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;

9) Қоғам міндеттемелерін оның жекеменшік капиталының екі (қоса алғанда) пайызынан бастап құралатын шамасына ұлғайту;

10) осы Жарғыға сәйкес шешімді Қоғамның Басқарма Төрағасы қабылдайтын мәмілелерден басқа, құны Қоғамның активтері құнының жалпы мөлшерінің екіден артық және кемінде он пайызын құрайтын мүлікті Қоғамның алуы немесе айырылуы (алынуы немесе айырылуы мүмкін) нәтижесіндегі өзара бір-бірімен байланысты мәмілелер қосындысын немесе мәмілелерді Қоғамның жасауы туралы шешім қабылдау;

11) Қоғам туралы немесе қызметтік, коммерциялық немесе Заңмен қорғалатын басқа да құпиялар бар оның қарекеті туралы ақпараттарды анықтау және аталған ақпараттарды қорғауды реттейтін рәсімдерді бекіту;

12) Қоғам бекіткен мәселелер тізбесі бойынша, Қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдарының директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібі мәселелері бойынша, Қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдарының директорлар кеңесінің мүшелері болып табылатын, Қоғам өкілдерінің ұстанымдарын анықтау;

13) Қоғамның Жалғыз акционерімен және Директорлар кеңесімен өз құзырларын іске асыру үшін, қаржылық, материалдық-техникалық және басқа да қаражаттарды бөлу;

14) Қоғам акцияларын төлеуге тапсырылған немесе ірі мәміленің негізі болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін анықтау;

15) Директорлар кеңесі бекіткен шығындар жоспары шеңберінде, Қоғамның демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуі туралы шешімді қабылдау;

16) Директорлар кеңесі бекіткен регламенттеуші құжатқа сәйкес корпоративтік даулар мен мүдделік дауларды реттеуге қатысу және мониторингтеу;

17) бекітілуі Қоғамның Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің құзырына жататын ішкі құжаттарды, Қоғам оны жасаған жағдайда, алдын ала мақұлдау;

18) Қоғам Басқармасы мүшелерінің жұмыстарды қосалқы атқаруын алдын ала мақұлдау.

17.5. Қоғам басқармасы Қоғамның басқа органдарының құзырына ҚР

заңнамалық актілерімен және осы Жарғымен кіргізілмеген, кез келген басқа да мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы.

17.6. Қоғам Басқармасы қабылдаған шешімдерді Қоғамның жұмыскерлері орындауға міндетті.

Басқарма шешімі хаттамамен ресімделеді, оған осы отырысқа қатысқан барлық Басқарма мүшелері қол қоюлары керек және оның мазмұнында дауысқа салуға қойылған мәселелер, әр мәселе бойынша Басқарманың әр мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетілген, солар бойынша дауыс беру қорытындысы болуы тиіс.

17.7. Қоғамның акционерлері және оның акционері болып табылмайтын жұмыскерлері Басқарма мүшелері болулары мүмкін.

Қоғам Басқармасы мүшесінің қызметтері, құқықтары және міндеттері ҚР-ның заңнамалық актілерімен, осы Жарғымен, Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен, Қоғам Басқармасы туралы ережемен, сондай-ақ аталған тұлғамен Қоғамның жасаған еңбек шартымен анықталады. Қоғам атынан Басқарма Төрағасымен жасалған еңбек шартына Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Қоғамның Жалғыз акционерімен немесе Қоғамның Директорлар кеңесімен осыған уәкілетті болған тұлға қол қояды. Қоғам Басқармасының қалған мүшелерімен жасалған еңбек шартына Қоғамның Басқарма Төрағасы қол қояды.

Қоғам Басқармасының мүшелеріне, сондай-ақ Қоғамның басқа жұмыскерлеріне Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен тізбеге сәйкес, Қоғаммен бәсекелес заңды тұлғалардың атқарушы ұйымдарында, директорлар кеңестерінде лауазымдар атқаруларына тыйым салынады.

17.8. Қоғам Басқармасының мүшелері Қоғам Басқармасы отырысын шақыру, Қоғамның Басқарма Төрағасын ақпараттандыру жолымен немесе басқа да қолжетімді тәсілмен Қоғамның қарекетін оңтайландыру, залалдарды болдырмау үшін қажетті іс-шараларды қабылдауға міндетті.

17.9. Қоғам Басқармасының әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Дауыстар тең болып қалған жағдайда Қоғамның Басқарма Төрағасы дауыс берген шешім қабылданады.

17.10. Қоғам Басқармасының мүшесі өзінің дауыс беру құқығын басқа тұлғаға, сонымен бірге Қоғам Басқармасының басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді.

17.11. Қоғам Басқармасы өзінің отырыстарын, дұрысында, кемінде айына 1 рет өткізеді. Қоғам Басқармасы, егер оның отырысына Қоғам Басқармасының сайланған мүшелерінің санының кемінде жартысы қатысса, шешім қабылдауға құқылы.

17.12. Қоғам Басқармасы сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауға құқылы.

17.13. Қоғам Басқармасы сауал түскен сәттен бастап он күннен кешіктірмей, Қоғам қарекеті туралы ақпараттарды, соның ішінде құпиялы сипатқа ие ақпараттарды, оларға жүктелген міндеттерді орындау кезінде, Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне дер кезінде беруді қамтамасыз етеді.

18. ҚОҒАМНЫҢ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ

18.1. Қоғамның Басқарма Төрағасы Қоғамның бірінші басшысы болып табылады және Қоғам қарекетіне басшылық жасауды жүзеге асырады, сондай-ақ Қоғам Басқармасын басқарады.

18.2. Қоғамның Басқарма Төрағасы төмендегі қызметтерді жүзеге асырады:

- 1) Қоғамның ағымдағы операциялық қарекетін жүзеге асырады;
- 2) Қоғамның Жалғыз акционерінің, Қоғамның Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқармасының шешімдерін орындауды ұйымдастырады;
- 3) Қоғам қарекетінің Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкестігін қамтамасыз етеді;

- 4) сенімхатсыз Қоғам атынан үшінші тұлғалармен қатынаста әрекет етеді;
- 5) үшінші тұлғалармен қатынаста Қоғамның құқық беру сенімхатын береді;
- 6) Қоғамның даму стратегиясын, Қоғамның даму жоспарын, қарекетінің негізгі көрсеткіштерін және оларға қойылған мақсаттарды, Қоғамның дивидендтік саясатына қатысты ұсыныстарды, Қоғам қарекетінің басымдық бағыттарын жасауды қамтамасыз етеді;
- 7) Қоғам ресурстарын тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;
- 8) Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесіндегі жетімсіздіктер туралы Директорлар кеңесін хабардар етеді;
- 9) Қоғамның даму стратегиясын, Қоғамның даму жоспарын іске асыру туралы, Қоғам қарекетінің негізгі көрсеткіштеріне және оларға қойылған мақсаттарға қол жеткізу туралы, Қоғамның негізгі тәуекелдері және оларды басқарудың тиімділігі туралы басқару есептілігін, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен, басқару есептілігінің тәртібі мен үлгісіне сәйкес басқа да есептіліктерді Қоғамның Директорлар кеңесіне дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді;
- 10) Қоғамдағы тәуекелдерді басқару жүйесіндегі анықталған кемшіліктер туралы Қоғамның Директорлар кеңесін хабардар етеді;
- 11) Басқарма шешімі шеңберінде, Қоғамның Директорлар кеңесімен өз құзырын жүзеге асыру үшін қажетті ресурстармен Қоғамның Директорлар кеңесін қамтамасыз етеді;
- 12) Қоғам қарекетіндегі маңызды оқиғалар туралы Қоғамның Директорлар кеңесі Төрағасына хабарлайды;
- 13) өздеріне жүктелген міндеттерді орындау кезінде, сауал түскен сәттен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, қажетті түсіндірмелерді, Қоғамның қарекеті туралы ақпараттарды Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелеріне дер кезінде беруді қамтамасыз етеді;
- 14) жылдық қаржылық есептілікті, Қоғамның аралық қаржылық есептілігін және Қоғамның қарекет қорытындысы туралы жылдық есепті дайындауды қамтамасыз етеді;
- 15) Қоғамның қарекеті туралы ақпаратты дер кезінде және толық ашып көрсетуді жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;
- 16) Қоғамның ұйымдастыру құрылымы мен штаттық кестесі бойынша ұсыныстарды әзірлеуді және енгізуді қамтамасыз етеді;
- 17) Қоғамның кадрлық саясатын, соның ішінде Қоғамның жұмыскерлерін жұмысқа қабылдауды, ауыстыруды, шығаруды жүзеге асырады, көтермелеу шараларын және тәртіптік жазаға тарту шараларын қабылдайды, Жалғыз акционер бекіткен, Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес, Қоғам жұмыскерлерінің лауазымдық еңбекақыларының және еңбекақыларына дербес үстемеақыларының мөлшерін белгілейді, Басқарма Төрағасынан, Қоғам Басқармасының мүшелерінен, ішкі аудит Қызметінің жұмыскерлерінен, Қоғамның корпоративтік хатшысынан және ҚР заңнамалық актілеріне сәйкес басқа да жұмыскерлерден басқа, Қоғамның жұмыскерлеріне сыйақы беру мөлшерін анықтайды;
- 18) Қоғамның жұмыскерлерімен, соның ішінде Қоғам Басқармасының мүшелерімен, ішкі аудит Қызметінің жұмыскерлерімен және Қоғамның корпоративтік хатшысымен белгіленген тәртіпте еңбек шартын Қоғам атынан жасайды және бұзады;
- 19) бұйрықтар мен өкімдер шығарады, Қоғамның Жалғыз акционерінің және Қоғамның Директорлар кеңесінің құзырына кірмейтін, Қоғам қарекетінің барлық мәселелері бойынша нұсқаулар береді;
- 20) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен саясатқа сәйкес, Қоғамның жұмыскерлерінде туындаған мүдделік дауларды реттеуге қатысады және мониторингті жүзеге асырады;
- 21) құны Қоғамның активтері құнының жалпы мөлшерінің кемінде екі пайызын құрайтын мүлікті Қоғамның алуы немесе айырылуы (алынуы немесе айырылуы мүмкін) нәтижесіндегі өзара бір-бірімен байланысты мәмілелер қосындысын немесе мәмілелерді

Қоғамның жасауы туралы шешім қабылдайды;

22) Қоғамның Жалғыз акционері анықтаған мерзімде және анықтаған үлгілері бойынша Қоғамның даму жоспарын іске асырады, Қоғамның қаржылық-шаруашылық қарекеті туралы есептілікті Қоғамның Жалғыз акционеріне дайындауды және беруді қамтамасыз етеді;

23) өзі жұмыста болмай қалған жағдайда, Қоғам Басқармасы мүшелерінің біреуіне өзінің міндеттерін орындауды жүктейді;

24) міндеттерді бөледі, сондай-ақ Қоғам басқармасының мүшелері арасында өкілеттіліктер мен жауапкершіліктерді бөледі;

25) Қоғамның жұмыс режимін белгілейді;

26) Қоғамның банктік шотын ашады;

27) Қоғам басқармасының жұмысын ұйымдастырады, Қоғам басқармасының отырысын шақырады және қажетті материалдарды Қоғам басқармасы мүшелерінің қарауына береді;

28) жылдық қаржылық есептілік аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның ұсынымдарының, сондай-ақ Қоғамның ішкі аудит қызметі ұсынымдарының орындалуына бақылау жасауды жүзеге асырады;

29) Қоғамның құрылымдық бөлімшелері туралы ережені жетілдіреді;

30) Қоғам туралы немесе қызметтік, коммерциялық немесе ҚР заңнамасымен қорғалатын басқа да құпиялық мәнге ие оның қарекеті туралы ақпараттарды сақтауды және қорғауды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;

31) Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер мөлшерінің болжамдық көрсеткіштерін Директорлар кеңесіне береді және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін анықтау және жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу, есептік қаржылық жылдағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі туралы ұсыныстарды әзірлеуді қамтамасыз етеді;

32) Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдері туралы Қоғам Басқармасы мүшелеріне ақпарат беруді қамтамасыз етеді;

33) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен құжаттарға сәйкес корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, экология, еңбек қорғау және қауіпсіздік төңірегінде Қоғам қарекетін қамтамасыз етеді;

34) ҚР мемлекеттік органдарының талаптары мен ҚР заңнамасына Қоғам қарекетінің сәйкес болуына бақылау жасаушы және тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау бөлімшелерінің қарекетін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

35) Қоғамның кадрлық резервіндегі мүшелермен олармен танысу, оларды бағалау, біліммен алмасу және оларға Қоғамның стратегиясын елестетіп жеткізу үшін әрдайым кездесулер өткізеді;

36) ҚР заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес Қоғам Басқармасының және осы органдардың айрықша құзырына кіргізілген мәселелерден басқа, оған Қоғамның Жалғыз акционері және Қоғамның Директорлар кеңесі берген басқа да өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

19. ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ ТҮЛҒАЛАРЫ

19.1. Қоғамның лауазымдық тұлғалары (Қоғам басқармасы және Директорлар Кеңесі мүшелері):

1) Өздеріне жүктелген міндеттерді сапалы түрде орындайды, Қоғамның және Жалғыз акционердің мүддесіне барлық деңгейде әсер ететін тәсілдерді пайдаланады;

2) Қоғамның мүлкін пайдаланбаулары немесе осы Жарғыға және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қарама-қайшы түрде пайдалануға жол

бермеулері, сонымен қатар жеке мақсатта қарама-қайшы түрде пайдалануға жол бермеулері, сонымен қатар жеке мақсатта және өздерінің аффилиирленген тұлғалармен мәмілелерді жасасу кезінде теріс пайдаланбаулары тиіс;

3) бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігінің жүйесін, тәуелсіз аудиттің жүргізілуімен қоса тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Заңнамалардың талаптарына сәйкес Қоғамның қарекеті туралы ақпараттарды беруді және ашып көрсетуді бақылайды.

5) Қоғам қызметі туралы, соның ішінде, егер Қоғамның ішкі құжаттарымен басқа жағдайлар белгіленбесе, Қоғамдағы жұмысын тоқтатқан сәттен бастап үш жыл ішінде ол туралы ақпараттардың құпиялылығын сақтауға міндетті.

19.2. Қоғамның лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес, өздерінің әрекеттерімен (әрекетсіздіктерімен) Қоғамға келтірген залалы үшін Қоғам алдында және Жалғыз акционер алдында жауапты болады, сонымен қатар төменде айтылғандардың нәтижесінде залал келтірсе:

1) жаңылыстыруға алып келетін ақпараттарды немесе әдейілеп жалған ақпараттарды берсе;

2) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен белгіленген ақпараттарды ұсыну тәртібін бұзса.

19.3. Қоғам Жалғыз акционердің шешімі негізінде, Қоғамның лауазымдық тұлғасының келтірген зияндығының немесе залалдарының орнын толтыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

Қоғамның Лауазымдық тұлғалары, егер Қоғамға немесе Жалғыз акционерге залал келтірген Қоғам органы қабылдаған шешімге қарсы дауыс берсе немесе дауыс беруге қатыспаса, жауаптылықтан босатылады.

20. Корпоративтік хатшы

20.1. Корпоративтік хатшысын – Қоғам Басқармасы немесе Директорлар кеңесі мүшелері болып табылмайтын Қоғам жұмыскерін Қоғамның Директорлар кеңесі тағайындайды және ол Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді.

20.2. Корпоративтік хатшыға Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған рәсімдерді Қоғамның органдары мен лауазымдық тұлғаларының сақтауын, сондай-ақ корпоративтік басқару аясында Қазақстан Республикасының ережелері мен заңдар нормаларының, Жарғы қағидаларының және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарының қолданылуын қамтамасыз ету жүктеледі. Корпоративтік хатшы, сонымен қатар Қоғам органдары арасында ақпараттардың тиімді алмасуына мүмкіндік туғызады және корпоративтік басқарудың барлық мәселелері бойынша Қоғам Басқармасы мен Директорлар Кеңесі үшін кеңесшінің функцияларын орындайды. Қоғамның корпоративтік хатшысы Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындауға және өткізуге бақылау жасауды, Қоғамның Директорлар кеңесі отырысына материалдарды жасауды қамтамасыз етуді, оларға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін бақылау жасауды жүргізуді жүзеге асырады.

Корпоративтік хатшы дәл және нақты ақпаратты Директорлар кеңесі мүшелерінің дер кезінде алуын қамтамасыз етеді.

20.3. Корпоративтік хатшының құзыры мен қызметі Қоғамның ішкі құжаттарымен және Директорлар кеңесінің белгіленген тәртіпте бекіткен, Корпоративтік хатшы туралы Ережесімен анықталады.

20.4. Басқа ұйымдарда немесе басқа ұйымдардың органдарында Корпоративтік хатшы лауазымын атқаруға және жұмыстарды орындауға Қоғамның Директорлар кеңесінің келісімімен жол беріледі.

20.5. Қоғам мен Корпоративтік хатшы арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Басқарма Төрағасы мен Корпоративтік хатшы арасында жасалған еңбек шартымен реттеледі.

21. Қоғам аудиті

21.1. Қоғам жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізуге міндетті.

21.2. Қоғам аудиті Қоғам есебінен Қоғамның директорлар кеңесінің, Қоғам басқармасының бастамасы бойынша немесе өз есебінен Жалғыз Акционердің талабы бойынша жүргізілуі мүмкін, бұл орайда Қоғамның Жалғыз акционері аудиторлық ұйымды өз бетінше анықтауға құқылы.

21.3. Қоғамның Жалғыз акционерінің талабы бойынша аудитті жүргізген жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйым сұраған, барлық қажетті құжаттарды (материалдарды) беруге міндетті.

22. Жасалуына айрықша шарттар қойылған, Қоғамның мәмілелері

22.1. Қоғамның ірі мәмілелерді және мүдделі мәмілелерді жасауы туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды.

22.2. «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдармен мүдделі мәмілелерді және ірі мәмілелерді Қоғамның жасауы туралы шешім – «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» ҚР Заңына сәйкес, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі анықтаған тәртіпте қабылданады.

22.3. Ірі мәміле – құны Қоғамның активтері құнының жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті Қоғамның алуы немесе (айырылуы (алыну немесе айырылуы мүмкін) нәтижесіндегі мәміле немесе бір-бірімен байланысты өзара мәмілелер жиынтығы болып танылады.

23. Қоғамның өз қарекеті туралы ақпаратты Жалғыз акционерге беру тәртібі

23.1. Қоғам Жалғыз акционерге оның мүдделерін қозғайтын, Қоғамның қарекеті туралы ақпаратты мәлімдеуге міндетті.

23.2. Қоғамның Жалғыз акционерінің мүдделерін қозғайтын ақпараттар мыналар деп танылады:

1) Қоғамның Жалғыз акционері және Қоғамның Директорлар кеңесі (акционерлердің жалпы жиналысымен) қабылдаған шешім, қабылданған шешімдердің орындалғаны туралы ақпарат;

2) акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды Қоғамның шығаруы, Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындысы туралы есептерді, Қоғамның бағалы қағаздарын жабу қорытындылары туралы есептерді құзырлы органның бекітуі, Қоғамның бағалы қағаздарын құзырлы органның жоюы;

3) Қоғамның ірі мәмілелерді жасауы және Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасауы;

4) аталған Қоғамның активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Қоғам мүлкін кепілдікке беру;

5) Қоғамның жекеменшік капиталы көлемінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде Қоғамның займ алуы;

6) қарекеттің кез келген түлерін жүзеге асыруға Қоғамның лицензияларды алуы, қарекеттің кез келген түрлерін жүзеге асыруға Қоғамның бұрын алған лицензияларының қарекетін тоқтата тұру және доғару;

7) заңды тұлғалардың құрылуына Қоғамның қатысуы;

8) баланстық құны Қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын, Қоғамның мүлкін жоюға алып келген төтенше жағдай сипатындағы жағдайлардың туындауы;

9) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалуы;

10) Қоғамды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешім;

11) осы Жарғыға, сондай-ақ Қоғам акцияларын шығару аңдатпасына сәйкес, Қоғамның Жалғыз акционерінің (акционерлерінің) мүддесін қозғайтын басқа да ақпараттар.

23.3. Қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын құпия бар ақпараттарды қорғау мақсатында, Қоғамның ішкі құжаттарымен аталған ақпаратты беруге шектеулер енгізілуі мүмкін.

23.4. Жарғының осы бабының 2-тармағындағы санамаланған Қоғамның қарекеті туралы ақпараттарды жариялау үшін, бұқаралық ақпараттық құралдары, атап айтқанда Қазақстан Республикасының барлық аумағына таратылатын және кемінде он бес мың дана тиражбен шығарылатын мерзімдік баспасөздер және (немесе) Қоғамның WEB-сайты немесе Интернеттегі басқа да WEB-сайты пайдаланылады.

23.5. Егер ҚР заңнамалық актілерімен ақпараттарды жариялау (Жалғыз акционерге мәлімдеме жасау) мерзімі қаралмаған болса, Жарғының осы бабындағы 2-тармағында санамаланған ақпараттар сол ақпараттардың туындаған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде жария етіледі (Жалғыз акционерге мәлімделеді).

23.6. Корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғалатыны туралы ақпарат корпоративтік дау бойынша азаматтық іс жөніндегі тиісті соттық хабарламаны (шақыруды) Қоғамның алған күнінен бастап жеті жұмыс күні ішінде ол Жалғыз акционерге берілуі керек.

23.7. Қоғам Қызметтік немесе коммерциялық құпиялардан тұратын ақпараттармен хабары бар Қоғам жұмыскерлерінің тізімін міндетті түрде жүргізуді қамтамасыз етеді.

24. Қоғамның құжаттары

24.1. Қоғамның қарекетіне қатысы бар оның құжаттары Қоғаммен Қоғам Басқармасының орналасқан жері бойынша оның барлық қарекет мерзімі ішінде сақталуға жатады. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тізбеге сай (бұдан әрі – тізбе) құжаттар сақталуға жатады.

24.2. Тізбеге кіргізілмеген басқа да құжаттар, соның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мерзім ішінде сақталады.

24.3. Қоғамның Жалғыз акционерінің жазбаша талабы бойынша Қоғамға мұндай талап келіп түскен күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей Тізбеге кіргізілген құжаттардың көшірмелерін оған беруге міндетті.

Осы Жарғының көшірмесін оған беру туралы Қоғамның Жалғыз акционерінің талабын Қоғам осы сауалды алған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде орындайды.

24.4. Қоғам қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпияларды беруге шектеу қоюды енгізуге құқылы.

24.5. Құжаттардың көшірмелерін бергені үшін төленетін төлемнің мөлшерін Қоғам белгілейді және Қоғамның Жалғыз акционеріне құжаттарды жеткізуге байланысты шығындар төлемі мен құжаттардың көшірмелерін дайындауға арналған

шығындар құнынан асыра алмайды.

24.6. Қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпиялардан тұратын, Қоғамның бағалы қағаздарын шығарудың, орналастырудың, айналдырудың және айырбастаудың кейбір мәселелерін регламенттейтін құжаттар Қоғамның Жалғыз акционеріне танысу үшін оның талабы бойынша берілуі тиіс.

25. Жалғыз акционерге және Қоғамның лауазымды тұлғаларына олардың үлестес тұлғалары туралы ақпараттарды беру тәртібі

25.1. Қоғам үлестес тұлғалар немесе Қоғамның тіркеушісі берген мәліметтер негізінде өздерінің үлестес тұлғаларын есепке алуды жүргізеді (құзырлы ұйыммен белгіленген тәртіпте).

25.2. Қоғамның үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар Қоғамға үлестестік пайда болған күннен бастап жеті күн ішінде өздерінің үлестес тұлғалары туралы мәліметті беруге міндетті.

Қоғамның Жалғыз акционері және Қоғамның лауазымды тұлғалары жазбаша түрде Қоғамға үлестестік пайда болған күннен бастап жеті күн ішінде Заңға сәйкес анықталған өддерінің үлестес тұлғалары туралы мәліметті беруге міндетті.

Қоғамның Жалғыз акционері және Қоғамның лауазымды тұлғалары осы Жарғыда көрсетілген тәртіпте және мерзімде өздерінің үлестес тұлғаларындағы өзгерістер туралы мәліметті беруге міндетті.

Егер бұрын көрсетілген Жалғыз акционер немесе Қоғамның лауазымды тұлғасы үлестес болуын тоқтатқан жағдайда ол туралы бес күндік мерзім ішінде Жалғыз акционер немесе Қоғамның лауазымды тұлғасы Қоғамды хабардар етеді.

Үлестес тұлғалар туралы ақпарат қаржылық нарықты және қаржылық ұйымды реттеу және қадағалау жөніндегі құзырлы орган бекіткен тиісті үлгі бойынша Қоғамға беріледі.

25.3. Қоғам құзырлы органға олар белгілеген тәртіппен өздерінің үлестес тұлғалары бойынша тізімді береді.

26. Қоғамды қайта құру

26.1. Қоғамды қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөліну, бөлініп шығу, түрін өзгерту) ҚР заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

26.2. Қайта ұйымдастыру ерікті немесе мәжбүрлі түрде жүргізілуі мүмкін.

26.3. Егер Қоғам қайта ұйымдастырылған жағдайда өз қызметін тоқтатса, онда оның шығарылған акциялары Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте жойылуға жатады.

27. Қоғамды тарату

27.1. Қоғамды ерікті түрде тарату туралы шешімді Қоғамның Жалғыз акционері ҚР-ның заңнамалық тәртібінде қабылдайды.

27.2. Қоғамды мәжбүрлеп тарату ҚР-ның заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларда сотпен жүзеге асырылады.

Егер ҚР заңнамалық актілерімен басқаша қаралмаса, Қоғамды тарату туралы талапты мүдделі тұлғалар сотқа ұсынуы мүмкін.

27.3. Соттың немесе Қоғамның Жалғыз акционерінің Қоғамды тарату туралы шешімімен тарату комиссиясы тағайындалады.

Тарату комиссиясының Қоғамның тарауы кезінде ҚР заңнамасымен анықталған тібедегі іс-әрекеттерді жасауға және Қоғамды басқаруға өкілеттілігі бар.

Өз еркімен таратылған жағдайда тарату комиссиясының құрамына Қоғам кредиторларының өкілдері, Қоғамның Жалғыз акционерінің өкілдері, сондай-ақ Қоғамның Жалғыз акционерінің шешіміне сәйкес өзге де тұлғалар кіргізілуі тиіс.

27.4. Қоғамды тарату рәсімі және оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібі ҚР заңнамасымен реттеледі.

27.5. Қоғамды тарату кезінде оның жарияланған, оның ішінде орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жойылуға жатады.

27.6. Таратылатын Қоғамның мүліктерін бөлу Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ның
Басқарма Төрағасы



М.Үмбетов

Утверждено решением
Единственного акционера
АО «Алатау Жарық Компаниясы»
(протокол заседания Правления
АО «Самрук-Энерго» № 3)
от «02» 04 2013 г.



УСТАВ
Акционерного общества
«Алатау Жарық Компаниясы»

г. Алматы, 2013 год

г. Алматы, 2013 год

Настоящий Устав разработан в соответствии с законодательством Республики Казахстан (далее – «РК») и определяет правовой статус акционерного общества «Алатау Жарық Компаниясы», как юридического лица, именуемого в дальнейшем «Общество».

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. Полное наименование Общества:

- 1) на государственном языке - «Алатау Жарық Компаниясы» акционерлік қоғамы;
- 2) на русском языке - акционерное общество «Алатау Жарық Компаниясы»;
- 3) на английском языке - Joint stock company «Alatau Zharyk Company»;

1.2. Сокращенное наименование Общества:

- 1) на государственном языке - «АЖК» АҚ;
- 2) на русском языке - АО «АЖК»;
- 3) на английском языке - JSC «AZC».

1.3. Местонахождение исполнительного органа Общества: 050008, Республика Казахстан, город Алматы, улица Манаса, дом 24 «б».

1.4. Корпоративный веб-сайт Общества - www.azhk.kz.

1.5. Деятельность Общества осуществляется на основе хозяйственной самостоятельности.

1.6. Срок деятельности Общества не ограничен.

1.7. Форма собственности – частная.

2. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС ОБЩЕСТВА

2.1. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

2.2. Общество имеет печать, штампы и бланки с указанием наименования Общества, может иметь свой товарный знак и символику, образцы которых утверждаются Правлением Общества и регистрируются в установленном порядке.

2.3. Общество осуществляет свою деятельность в соответствии с законодательством РК, настоящим Уставом и внутренними документами Общества.

2.4. В порядке, предусмотренном законодательством РК, Общество вправе создавать филиалы и представительства, расположенные вне места его нахождения, не являющиеся юридическими лицами и действующие от имени и по поручению Общества на основании положения, наделять их основными и оборотными средствами за счет собственного имущества, а также вправе создавать некоммерческие организации, в том числе учреждения.

2.5. Общество обладает имуществом, обособленным от имущества своего Акционера и несет ответственность по своим обязательствам в пределах своего имущества.

2.6. Акционер Общества не отвечает по его обязательствам и несет риск убытков, связанных с деятельностью Общества, в пределах стоимости принадлежащих ему акций, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами РК.

2.7. Общество не несет ответственность по обязательствам своего Единственного акционера. Единственный акционер не отвечает по обязательствам Общества и несет риск убытков, связанных с деятельностью Общества, в пределах стоимости принадлежащих ему акций, за исключением случаев, предусмотренных законодательством РК.

3. ЦЕЛЬ И ПРЕДМЕТ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБЩЕСТВА

3.1. Цель Общества - получение чистого дохода в ходе осуществления самостоятельной хозяйственной деятельности.

3.2. Предметом деятельности Общества являются передача и распределение электрической энергии, а также иные виды деятельности, разрешенные в соответствии с законодательством РК, отвечающие целям и задачам Общества, предусмотренным настоящим Уставом.

Общество осуществляет любой вид хозяйственной деятельности и сделок по передаче и распределению электрической энергии или услугам связанным с данным видом деятельности.

3.3. Общество вправе заключать договоры и сделки, необходимые и соответствующие для осуществления выше названных целей и не запрещенные действующим законодательством РК.

3.4. Виды деятельности, требующие наличия лицензии или иного вида разрешения, которые необходимо получить в установленном законодательством порядке, осуществляются лишь после получения соответствующих лицензий или иного вида разрешений.

4. УСТАВНОЙ КАПИТАЛ ОБЩЕСТВА

